

Ұлттық мүддеге
қызмет ету үшін әркім
өзгені емес, өзін
қамшылауға тиісті.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



МЕДИЦИНАЛЫҚ
АВИАЦИЯ

5

БӘРЕКЕЛДІ!



РОЗА
БАҒЛАНОВНЫҢ
ЕСІМІ БЕРІЛДІ

6

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 29 қазандағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
993 509

II компонентпен
936 542

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

30.10.2021

Түнде:



+2, +4 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашын (жаңбыр, қар)

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

31.10.2021



+1, +3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:

+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

JASTAR ALANY

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

Жастар – Алматының басты капиталы



Мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев Almaty creative hub шығармашылық кеңістігі базасында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған Jastar alany қалалық жастар форумына арнайы қатысып, жастардың тілек-өтініштерін тыңдады.

Эпидемиологиялық ескере отырып, іс-шара онлайн және офлайн форматта өтті. Форумға жастар арасындағы қоғамдық пікір көшбасшылары, шығармашылық, спорт, бизнес, ғылым саласындағы танымал тұлғалар қатарынан 50 адам қатысты. Сондай-ақ, республикалық жастар ұйымдары мен ЖОО студенттері қосыла алатын онлайн тікелей көрсетілім ұйымдастырылды.

Форумға қатысушыларға арнаған сөзінде Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев қазіргі жастар 30 жылдығы биыл атап өтілетін Тәуелсіздік жетістіктерінен хабардар екенін және бағалайтынын атап өтті. Сондай-ақ, Тәуелсіздігіміздің қалыптасуы мен нығаюында Алматының ерекше рөл атқаратынын жеткізді.

2

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021

МАҢЫЗДЫ НАУҚАН

Алматыдағы халық санағының алғашқы нәтижесі:
2 миллион 188 мыңнан астам респонденттен сауалнама алынды



ҚР Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Айдар Әбілдабеков Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде 2021 жылғы халық санағының алғашқы нәтижелерін айтып берді.

А.Әбілдабеков атап өткендей, 2021 жылғы Ұлттық санақтың негізгі кезеңі Қазақстанда 1 қыркүйектен 30 қазанға дейін өтуде. Әдістеме бойынша 8 қарашаға дейін тағы бір рет тексеру, аралап шығу қарастырылған. Санақ ұраны: «Қазақстанда әркім маңызды!».

3

ҚЫСҚА...

- Президент тапсырмасы бойынша мүмкіндігі шектеулі жандар жыл сайын өтетін комиссия процесі барынша жеңілдетілді.
- Күзгі каникул кезінде оқушылар 1–7 қараша аралығында 7 күн демалады.
- 29 қазандағы жағдайға сәйкес, халық санағымен елімізде 19 112 653 адам қамтылды.
- Шаһарда биыл 4 мыңға жуық пәтерді пайдалануға беру жоспарланған.
- Алматыда демалыс күндері қар жауып, көктайғақ болады.

www.almaty-akshamy.kz





JASTAR ALANY

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қала әкімінің айтуынша, болашақ – шығармашылық мамандықтар мен білім экономикасына бағытталған. Бүгін біз бұған тағы да көз жеткіздік. Жастар креативті экономиканың басты драйвері болып табылады. Алматы – жастар қаласы. Әрбір үшінші қала тұрғыны – 35 жасқа дейінгі жас адам болып табылады. Қаланың 37 жоғары оқу орны мен 80 колледжде 240 мыңнан астам студент білім алып жатыр.

Қала қарқынды дамуға, үйреншікті проблемаларды заманауи тұрғыда шешуді талап ететін жаңа міндеттер қойылуда. Жастардың бұл процеске қатысуы үшін өзекті мәселелерді шешу, оқыту, тәлім алу, шығармашылық әлеуетті дамыту және іске асыру барысында жағдайлар жасалуда.

Мысалы, биыл Алматыда De Montfort университетінің филиалы ашылды. Ол Қазақстанда білім беру лицензиясын алған жалғыз толыққанды шетелдік жоғары оқу орны болып табылады. Алғашқы 145 студент қазірдің өзінде осында білім алуға. Жақын арада Елбасының бастамасы бойынша «Алатау» АТП АЭА аумағында Назарбаев Университетінің Жасанды интеллект мектебінің құрылысы басталады. Сондай-ақ, қаламызда Аризона штатының тағы бір жетекші университеті кәсіпкерлікті дамыту саласында ашылады.

Спорттық инфрақұрылым дамуға. Жергілікті бюджет есебінен 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен теннис орталығының құрылысы жүргізілуде, тағы 5 ірі нысанды жеке инвесторлар салып жатыр.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ЖАСТАР –
АЛМАТЫНЫҢ БАСТЫ КАПИТАЛЫ

Ағымдағы жылдың соңына дейін 63 мектеп жанындағы спорт нысандарын модернизациялау аяқталады, онда 73 футбол, 63 волейбол және баскетбол алаңдары, сондай-ақ воркаут аймақтары мен жүгіру жолдары бар. 12 жекпе-жек орталығы ашылды.

Жас креативті кәсіпкерлер үшін «Алматы» ӘКК гранттары қарастырылған. Инновациялық жобаларды 2 млн. теңгеден бастап қаржыландыру бағдарламасы әзірленді, барлық аудандарда креативті хабтар құрылуда. Жас АТ-таланттарды қолдау үшін жоғары оқу орындары мен бизнесті біріктіретін бірыңғай цифрлық платформа құрылды. Білім беретін Coursera платформасымен бірге 2020 жылы әлемнің үздік университеттерінен технологиялық курстардан тегін өтуге 5 мың лицензия ұсынылды.

Жастарды жұмыспен қамту мақсатында ағымдағы жылдың 10 айында 16 мыңнан астам жас жұмысқа орналастырылды. NEET саны үшін алғашқы жұмыс кәсібін игеруге мүмкіндік беріледі. Жыл сайын колледждерде оқуға 11 мыңнан астам грант бөлінеді.

Қала жастардың басты мәселелерінің бірі – тұрғын үй мәселесін шешуге көмектеседі. «Алматы жастары» қалалық бағдарламасы аясында жыл сайын 1 мың жеңілдетілген тұрғын үй заемы қарастырылған. Ағымдағы жылы 843 жас отбасы пәтер алды. Сонымен қатар, жұмыс істейтін жастар арасында 1050 жалдамалы пәтер бөлінеді.

Форумда «Масс-медиа» жобасының авторы А.Сағынұлы, актриса, коуч-жаттықтырушы А.Тұрсын, 2021 жылғы әлем чемпионатының

жүлдегері, дзюдошы Ғ.Қырғызбаев, актриса, продюсер Қ.Анарбекова, Asagume КҚ президенті А.Нұрмашев және басқалар өскелең ұрпақтың қаланың, елдің және жалпы қоғамның дамуындағы ролі туралы өз ойларымен бөлісті.

Ғұсман ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, 2019 жылғы Азия чемпионатының, 2021 жылғы Әлем чемпионатының жүлдегері, танымал дзюдошы:

– Мен кішкентай ғана ауылдан 2010 жылы Алматы қаласына арман қуып келген болатынмын. Алматы қаласында тұрып жатқаныма 11 жыл толыпты. Осы аралықта жеткен жетістіктеріме тоқталып өтетін болсам, алдымен, қазақ күресінен әлем чемпионы

болдым. Кейін дзюдоға ауысып, талай додаларда оза шаптым. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай өткізілген Еуроодақтың ішінде өткен Әлем біріншілігінде жеңімпаз атандым. Жастарға айтарым, алға қойған мақсаттарыңыздан таймаңыздар, армандарыңыздар, армандарыңызға жетуге тырысыңыздар.

Альмира ТҮРСЫН,
«Томирис» фильмінің басты ролін ойнаған актриса, коуч-жаттықтырушы:

– Мені барша қазақстандықтар «Томирис» ретінде таниды. Мен сонымен қатар, жастардың өз жолын табуға көмектесетін коуч-жаттықтырушы болып табыламын. Егер кез келген адам өзінің сүйікті ісімен айналысса, өзінің тұнып жатқан дарынын сыртқа шығара алса, ол адамның өмірге деген құлшынысы оянады. Ол одан сайын оқып, дамығысы келетін болады. Ал бұл өз кезегінде қаламыздың, мемлекетіміздің дамуына үлкен ықпалын тигізеді сөзсіз. Мен өзіме «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қандай әсер береді» деген сұрақ қоямын. Сонда менің бүкіл өмірім, жетістігім, дарыным бәрі осы еліміздің Тәуелсіздігімен тығыз байланысты екенін түсіндім. Барлық жастарға айтарым, оқыңыздар, дамыңыздар, өзіңізден ерекше дарын ізденіңдер.

ӘКІМ

ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Алматыда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қаралды

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері бойынша терроризмге қарсы комиссияның отырысын өткізді.

Арнайы қызметтер, құқық қорғау органдары мен қалалық басқармалар басшыларының қатысуымен өткен кеңес барысында деструк-

тивті элементтердің құқыққа қарсы әрекеттерін дер кезінде анықтау және жолын кесу жөнінде қабылданатын шаралар қаралды.

Алматы қаласы Дін істері басқармасының басшысы Н.Қикимов діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу туралы баяндады. Қалалық Полиция департаменті басшысының 1 орынбасары Н.Алмасбеков қару, ок-дәрі және жарылғыш заттар айналымына байланысты құқық бұзушылықтарға жол бермеу туралы баяндама жасады. Өз кезегінде, қалалық Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының бас-

шысы Н.Тоғызбаев дәстүрлі емес діни ағымдардың ықпалына ұшыраған адамдар арасында деструктивті идеялардың таралуын болдырмау жөніндегі жұмыстар туралы хабарлады.

Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев жағдайды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды, құқықтық тәртіпті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мегаполистің динамикалық дамуы мен қала тұрғындарының өздерін жақсы сезінулері үшін маңызды міндет екенін атап өтті.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров пен Түркия Республикасы Мәдениет және туризм министрінің орынбасары Мисбах Ахмет Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Түркия Республикасының 98 жылдығына арналған түрік фильмдері апталығының ашылу рәсіміне қатысты.

БАУЫРЛАСТЫҚТЫ
БЕКЕМДЕГЕН ШАРААлматыда түрік киносының
апталығы өтуде

Шаһарда мұндай іс-шара алтыншы рет өткізіліп отыр. Биыл алматылық көрермендерге «Арман» кинотеатрының базасында 31 қазанға дейін бірқатар түрік фильмдері ұсынылады әрі барлығы тегін көрсетіледі.

Айта кетерлігі, Түркия Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін таныған алғашқы ел болды. Бүгінде Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімшарт қолданыста.

Түркі халықтарының ерекше бауырластық қатынастары аясында елдерде мәдени шаралар белсенді түрде өткізіліп келеді. Өз кезегінде кино өнері екі елдің ортақ мәдени-гуманитарлық құндылықтарын ілгерілетуде айрықша орын алады. Фестиваль тұжырымдамасы мәдениет пен тарихқа назар аударудан, екі ел халықтары арасындағы өзара түсіністікті қалыптастырудан тұрады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Келер жылы
Алматыда
8 мектеп
пайдалануға беріледі.



Биыл
шаһарда **206**
көшеге орташа жөндеу
жұмыстары жүргізілуде.



Жыл басынан
бері **65**
аялдама алаңы
жөндеуден өткен.



Ағымдағы
жылы
24
мың
алматылық
«Бақытты отбасы»
орталықтарының
қызметін пайдаланды.



BIZNES
BASTAU
КӘСІПКЕРЛІК МЕКТЕБІ
«Бизнес бастау»
жобасы аясында
2000-нан
әйел арнайы курс
оқып шықты.



БРИФИНГ



МАҢЫЗДЫ НАУҚАН

Алматыдағы халық санағының алғашқы нәтижесі:
2 миллион 188 мыңнан астам респонденттен сауалнама алынды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Бүгінде санақ бойынша халықты кеңінен қамту Алматы қаласында тіркелген. Санақтан өткен тұрғындарды тіркеу бойынша біздің қала өңірлер арасында бірінші орында. 2 188 603 респондент сұралды, бұл 109,1%-ды құрайды», – деп хабарлады А.Әбілдабеков.

ҚР Ұлттық статистика бюросы сайтының дерегі бойынша ағымдағы жылдың 1 тамызы бойынша мегаполисте 2 005 496 адам тұрақты тұрған. Онлайн-санақ пен пікіртерімнің аралық қорытындысы бойынша интервьюерлер қазіргі уақытта Алматы халқының саны артқанын көрсетті.

«Санақ ел халқының нақты санын, оның құрамы мен өмір сүру жағдайлары туралы ақпаратты білуге мүмкіндік береді. Оларды талдау нәтижелері бойынша «халықтың сапасы» туралы айтуға болады. Санақтың негізгі мәні – әр адам ескерілуі керек. Өмірлік шешімдер осыған байланысты. Мысалы, жаңа емханаларды, мектептерді қайда ашу керек, көлік инфрақұрылымы мәселесі шешіледі. Демографиялық статистиканы коммерциялық компаниялар да пайдаланады», – деді спикер.

А.Әбілдабеков 15 қазандағы онлайн-санақ аяқталған сәттен бастап тұрғындардан он-

(Соңы. Басы 1-бетте)



лайн-сауалнама функциясын жаңарту туралы көптеген өтініштер түсе бастағанын атап өтті. Осыған байланысты сайтта онлайн-режимде 21 қазаннан бастап sanaq.gov.kz платформасының санақ жүргізу функциясын жаңарту туралы шешім қабылданды. Сауалнаманы бұрынғыдай мамандандырылған sanaq.gov.kz сайтында толтыруға болады. Ол eGov порталы және Aitu мобильді қосымшасы арқылы авторизацияланды. Онлайн өту функциясы халық санағының соңына дейін қолжетімді болады.

«Қала 327 нұсқаушылық және 2287 есептік учаскеге бөлінген. Әрбір есеп учаскесі бір интервьюерге бекітілген. Тұрғын-

дарды тек онлайн-санақпен қамту бойынша Әуезов ауданы көш бастап тұр – 41,79%. Ал Бостандық ауданында онлайн-санақпен қамту деңгейі өте төмен – 24,09%. Екінші формат – офлайн-санақ бойынша өз аудандарының 80%-дан астамын қамтыған Наурызбай, Жетісу, Алатау, Түркісіб аудандары көш бастап тұр», – деп хабарлады А.Әбілдабеков.

Қаланың барлық ауданы қазіргі халық санынан асып түсті. Сонымен бірге, сұхбат алушылар әлі де мегаполис тұрғындарын қайта жазуды жалғастыруда.

ҚР Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы қала тұрғындарына белсенділік танытқандары үшін алғыс айтып, санақтан өтпеген адамдарды онжылдықтың аса маңызды іс-шарасына қатысуға шақырды.

«Егер үйіңізге санақ жүргізуші келе алмаса, онда сіз онлайн-форматта санақтан өте аласыз немесе «1446» Call-орталығына қоңырау шалып, өзіңізге интервьюерді шақыра аласыз. Халық санағына әр адам қамтылса, сәтті деп саналады. Бұл біздің еліміздің барлық тұрғынын қамтығанымызды білдіреді», – деді А.Әбілдабеков.

Айта кетерлігі, алынған ақпарат өңделген соң ұзақ мерзімді бюджеттік жоспарлаудың негізіне айналады. Ұлттық халық санағына қатысатын әрбір азамат мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге елеулі және зор үлес қосатын болады.

АЛМАТЫ КӨШ БАСЫНДА

Еліміздің бірқатар қалалары мен аудандарында үйлерді аралау жұмыстары аяқталды



Қамту көрсеткіші бойынша Алматы қаласы көш басында – 108,9%. Яғни 1 тамыздағы жағдай бойынша мегаполисте тұрақты тұратындардың саны 2 005 496 адамды құраған.

Онлайн-санақ пен интервьюерлер жүргізген сауалнаманың аралық нәтижелері қазіргі уақытта қалада 2 183 534 респондент

бар екенін көрсетті. Сауал салу жұмыстары әлі де жалғасуда.

Осыған ұқсас жағдай Жамбыл (102,2%), Алматы (102,1%), Түркістан (101,5%), Шығыс Қазақстан (101,1%) облыстары мен Шымкент (101,4%) қаласында қалыптасты. Бұл өңірлерде де санақ жұмыстары аяқталған жоқ. Облыс орталықтарының ішінде Түркістан қаласында

бірінші болып халық санағы аясында үйлерді аралау жұмыстары аяқталған. Мұнда 220 553 респондент сауалнамадан өтті немесе қамту көрсеткіші 118%-ы құраған.

Өңірде сондай-ақ, Кентау мен Арыс қалалары да санақ аясындағы сауалнама жұмыстарын тәмамдады. Алматы облысының Текелі қаласы да сауал салу шараларын аяқтаған елдімекендердің қатарына енді. Мұнда респонденттер саны 29 509 (100,1%) адамды құраған. Қарағанды облысының Нұра ауданы да сауалнама жүргізу кезеңін аяқтап, респонденттер санын шығарған. Олардың қатары 21 837 немесе 1 тамыздағы жағдай бойынша халық санының 99,4%-ын құрады. Ал Қызылорда облысындағы Байқоңыр қаласы мен барлық аудандар (Арал, Жалағаш, Жаңақорған, Қазалы, Қармақшы, Сырдария, Шиелі) санақ аясында сауалнама жүргізу шараларын аяқтаған. Байқоңырда 1 тамыздағы дерекке сәйкес, халқының саны 39 548 адамды құраса, сауал салу нәтижесінде 39 622-ге (100,2%) жеткені белгілі болды. Сауалнама кезеңін аяқтаған елдімекендерде нақтылау шаралары қосымша жүргізілетін болады. 28 қазандағы жағдай бойынша халықты санақпен қамту көрсеткіші 18 663 838 адамға немесе 98,1%-ға жетті.

2021 жылғы Ұлттық санақтың негізгі кезеңі Қазақстанда 1 қыркүйектен 30 қазанға дейін өтуде. Қарашаның 8-іне дейін санақ өткізу әдістемесіне сәйкес, нақтылау шаралары қарастырылған. 2021 жылғы халық санағының ұраны – «Қазақстанда әркім маңызды!».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

оны 10 қарашаға дейін сақтап, үйді аралап жүрген сұхбат берушіге көрсету керек. Олармен сауалнама қайта жүргізілмейді», – деп толықтырды Ұлттық статистика бюросында.

Қазіргі уақытта 17 миллионнан астам азамат санақтан өтті, бұл қазақстандықтардың 91,6%-ға жуығын құрайды. Бұл ретте азаматтардың 40,4%-ы онлайн, 51,2%-ы офлайн-санақтан өтті. Бұл туралы Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов мәлімдеді.

РЕЙД



Жүк көліктері бақыланды

Алматыда жыл басынан бері жүк көлігі жүргізушілері тарапынан 4 мың 332 заңбұзушылық жасалған.

Қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, ҚР Әкімшілік құқық бұзу кодексінің бірнеше бабы бойынша 469 әкімшілік қаттама толтырылған. Алматы қалалық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Манап Саттаровтың айтуынша, қазіргі уақытта патрульдік полиция көліктік бақылау инспекциясымен бірлесіп, қала жолдарында көлік тасымалдаушылардың белгіленген рұқсат етілген салмақ пен габариттік параметрлерге сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін рейд жүргізілді.

«Көліктік бақылау инспекциясына қаланың кіреберісінде жүргізушілерге шара қолдану үшін заңбұзушылық туралы ақпаратты жеткізетін жүк көлігінің салмақ өлшегіштерін орнату бойынша мәселені қарау туралы ұсыныс енгізілді», – дейді басқарма өкілі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Жасанды «жанашырлық»



Елімізде әлеуметтік желіде алаяқтықтың жаңа түрі пайда болды. Зиянкестер адамдарға несиелерін сыйақы үшін өтеуді ұсынады.

Пайдаланушылардың айтуынша, мұндай «жою» қызметтерін Instagram аккаунттарының бірі ұсынады, олардың иелері белгілі бір тізілімді түзету арқылы барлық қарыздарды жоюға уәде береді. Мысалы, жазылушылардың бірінен 1,2 млн. теңге қарызды «жауып тастағаны» үшін «жанашыр жандар» бар болғаны 80 мың теңге сұраған. Несие иесінен бар болғаны аты, ЖСН және телефон нөмірі талап етіледі.

– Бұл іс жүзінде қалай жұмыс істейді? Алаяқтарға керегі – сіздің телефон нөміріңіз және жеке деректеріңіз. Олардың қызметі төленгеннен кейін сізге «несиеңіз өтелді» деген хабарлама келеді. Әрине, бұл кезде ешқандай несие өтелмейді, – деп ескертеді алаяқтардан зардап шеккендер. Сонымен қатар, олар дербес деректерді басқа да мақсат үшін де пайдалана алады.

Айкерім НӘЛДІБЕКОВА.



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

«Егер мен санақтан өтіп, сұралған болсам, содан кейін басқа аймаққа барсам, онда қайта сұралам ба?» Мұндай сұрақты соңғы күндері азаматтар жиі қояды. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің

ұлттық статистика бюросында түсіндірілгендей, сауалнама тек бір рет жүргізіледі.

– Офлайн-сауалнама аяқталғаннан кейін, яғни интервьюер сауалнама жүргізгеннен кейін респондентке халық санағынан өткені туралы анықтама беріледі, оны 10 қарашаға дейін сақтау қажет. Елдімекеннен тыс жерлерге шыққан жағдайда анықтаманы өзімен бірге алып жүру керек, –

деп түсіндірді ведомствода. Бұл шара халық санағы кезінде объективті есепке алуға арналған. Интервьюер беретін анықтама респонденттің санақтан өту фактісін ресми растайды және онымен қайта сұрау жүргізілмейді.

– Онлайн-режимде санақ сұрақтарына жауап бергендерге өту туралы электрондық хабарлама берілген. Сондай-ақ,



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЫҢҒАЙЛЫ ӘРІ ЖАЙЛЫ ОРТА

Алматының барлық аудандары тұрғындардың қажеттіліктерін ескере отырып дамуда

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында Алматы қалалық Жайлы орта басқармасының басшысы Сапар Нұрашев мегаполисте мемлекеттік қолдаумен пәтер кезегінде тұрғандардың саны артып келе жатқаны туралы айтты. Сонымен қатар, биыл қанша қала тұрғыны қанша шаршы метр баспанаға қол жеткізгені туралы баяндап, қалада салынып жатқан әлеуметтік нысандардың даму барысынан хабардар етті.



Әлеуметтік инфрақұрылым маңызды

Алматы әкімдігі әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға үлкен көңіл бөледі. Көптеген алматылықтардың үйлерінің жанында жақсы балабақшалар мен мектептер, ыңғайлы заманауи емханалар бар. Олар тек бюджет есебінен ғана емес, жеке инвесторлар есебінен де салынуда.

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қала аумақтарын кешенді дамытуды өзінің қызметінің басты басымдығы деп санайды. Сондықтан бұл тізімде жаңа тұрғын шағынаудандар ғана емес, жаңа қоныстанушылар үшін ыңғайлы әлеуметтік инфрақұрылым — балабақшалар, мектептер, емханалар, демалыс және спорт орталықтары да бар.

С.Нұрашевтің мәліметінше, биыл Жайлы қалалық орта басқармасы 29 әлеуметтік нысан салып, пайдалануға берді. Әлеуметтік нысандар көбінесе тұрғын үй кешендерімен қатар салынуда.

«Алматының барлық аудандары тұрғындардың қажеттіліктерін ескере отырып дамуда. Бірінші кезекте әрбір ауданды мектептердегі, балабақшалардағы орындармен, емханалармен және қолжетімді тұрмыстық сервистермен қамтамасыз ету міндеті тұр. Мысалы, «Ақжар» және «Таусамалы» шағынаудандарында әрқайсысы 120 орынды екі балабақша салынды, сондай-ақ, өрт сөндіру депосының құрылысы аяқталды», — деді С.Нұрашев.

Әкімдіктің күшімен әлеуметтік нысандар, әсіресе мектептер қолжетімді болуы үшін барлық жағдай жасалуда. Ол үшін қолда бар білім беру нысандарын кеңейту қарқынды жүріп жатыр. Биыл №6, 38, 57, 60, 102, 121, 133, 144, 166, 170, 199 мектептерінің жанындағы 11 қосалқы нысанның құрылысы аяқталды. Бұл оқушылар орындарының санын 4600 бірлікке арттыруға мүмкіндік берді.

Құрылыс салынатын орындар осындай нысандардың қажеттілігі мен тапшылығын ескере отырып белгіленеді. Мәселен, 2021 және 2022 жылдары Алматыда қосымша 45 әлеуметтік нысан салу жоспарлануда, оның 34-і — жаңа құрылыс, ал 11-і — сейсмикалық күшейту және ғимараттарды күрделі жөндеу.

Бұдан басқа, Әлеуметтік қызметтер үйі (Достық даңғылы, 85), балаларды әлеуметтік бейімдеу орталығы, Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі, Ауданаралық туберкулезге қарсы диспансер, №23, 71, 186 бөбекжай-бақшалары, №7, 40, 45, 54 81 мектептер және №6 емхана сияқты нысандарда сейсмикалық күшейту жұмыстары аяқталды.

Қала тұрғындары үшін ыңғайлы және жайлы орта құру бойынша ауқымды өзгерістер жүріп жатыр. Ұзындығы 2,1 шақырым Кіші Алматы өзенінің жағалауын реконструкциялау аяқталды, 18,4 мың шаршы метр газон, 3 мың бұталар мен ағаштар отырғызылды, 298 ШСН (шағын сәулеттік нысан) жиынтығы орнатылды, 6,7 мың шаршы метр асфальтбетон төселді.

Спикер биыл жыл соңына дейін қандай нысандардың құрылысы басталғанын және келесі жылы аяқталатынын айтты.

«Қазіргі кезде Алматыда алты денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Олар «Жас қанат», «Құлагер», «Алатау», «Айнабұлақ-2», «Кемел» және «Зерделі» шағынаудандарында орналасқан. Олардың аяқталу мерзімі ағымдағы жылдың соңына жоспарланған.

Тұрғын үй жағдайын жақсарту жалғаса береді

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында мыңдаған қала тұрғыны әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Бұл 2021 жылы кезекте тұрғандардың тізімін айтарлықтай қысқартып отыр.

«Биыл жалпы ауданы 248,5 мың шаршы метр немесе 3959 пәтер пайдалануға беру жоспары бекітілді. Оның ішінде 1892 пәтер «сатып алу құқығынсыз жалға беру» желісі бойынша және 2067 пәтер «банк салымшылары мен ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін кредиттік тұрғын үй» желісі бойынша орындалады. Біз «Отбасы банкімен» бірлесіп мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырып жатырмыз», — деді С.Нұрашев.

Мәселен, биыл Наурызбай ауданының «Алма сити-5» ТК-де 37 үй немесе 1110 пәтер салынды. Осы ауданда инвестор қаржысы есебінен «КазахСтрой» ЖШС 1200 орынды мектептің құрылысы басталды. Ал Алатау ауданындағы «Мәде-

ниет» ТК-де төрт үй немесе 144 пәтер салынды, мұнда 160 орынды балабақшаның құрылысы жоспарланған.

Қазіргі уақытта Түркісіб ауданының «Жас қанат-2» ТК құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғасуда. Мұнда егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен тоғыз қабатты 41 үйдің құрылысы қарастырылған. Оның ішінде жыл соңына дейін 2705 пәтерлік 35 үй бой көтереді. Қалған алты көпқабатты үй 2022 жылы салынады. Сондай-ақ, «Жас қанат-2» ТК аумағында 260 орынды балабақша, 340 адам қабылдайтын емхана және 1500 орынды мектеп салынады. Құрылыс 2022-2023 жылдары аяқталады.

Сапар Нұрашевтің айтуынша, атқарылып жатқан шаралар қала әкімдігі жұмысының стратегиялық бағыттарының бірі. Сондықтан Алматыда қала тұрғындарының тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша жұмыс жалғаса береді.

Абаттандырылған аудандар бой көтереді

Брифинг барысында Жайлы қалалық орта басқармасының басшысы ведомство тарапынан 102 жоба әзірленіп жатқанын, оның 27-сі бойынша сараптама қорытындысының алынғаны туралы да хабарлады.

— «Жас қанат» шағынауданында алты көппәтерлі тұрғын үй, «Нұркент» және «Шұғыла» шағынаудандарында инновациялық шығармашылық орталықтарын, сондай-ақ, «Зерделі» шағынауданында 380 орынды жатақханасы бар 720 орынды кәсіптік-техникалық мектеп салуды жоспарлап отырмыз. Бұлардан өзге, №9, 15, 80, 122, 131, 141 мектептерін, «Білім-инновациясын» сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу жоспарланған. Сондай-ақ, «Ақжар» шағынауданында 320 орынды және «Айнабұлақ-4», «Саялы-2» шағынаудандарында әрқайсысы 160 орынды үш балабақша салынады», — деп хабарлады спикер.

Бүгінде Жайлы қалалық орта басқармасының жоспарын-

да №70 бөбекжай-балабақша мен Стахановский көшесіндегі балабақшаны сейсмикалық нығайту және күрделі жөндеу жұмыстары тұр.

С.Нұрашев 30 көппәтерлі тұрғын үй мен 18 денсаулық сақтау нысанынан тұратын 48 жобаны жобалаудың аяқталып қалғанын тілге тиек етті.

Болашақта 2023-2024 жылдары денсаулық сақтау саласын дамыту бойынша бірқатар ірі жобаларды іске асыру жоспарлануда. Бұл жобаларға төрт емдеу мекемесі, үш емхана, сегіз отбасылық-дәрігерлік амбулатория кіреді. Бүгінде барлық жобалар бойынша жобалау жұмыстары жүргізілуде. Олардың арасында Медеу ауданындағы онкологиялық орталығы бар көпсалалы аурухана, ЖИТС орталығының бөлімшесі бар хоспис, №2 қалалық Балалардың клиникалық ауруханасының корпусы, Ахрименко көшесіндегі ерте араласу орталығы, «Қарағайлы», «Жас қанат» шағынаудандарындағы емханалар және басқалар бар.

«АҢСАҒАН СӘБИ»

Гүлжанат
СЕМБАЕВАЭКО жетістігі:
25 мыңыншы сәби дүниеге келді

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында жарияланған «Аңсаған сәби» әлеуметтік бағдарламасы негізінде ҚР Мемлекеттік Орталық музейі мен Репродуктивтік медицина институты бірлесіп Репродуктивтік медицина институтының құрылу тарихы және қызметіне арналған «РМИ — Армандар орындалады!» атты көрмесін өткізді.

Репродуктивтік медицина институты қызметінің нәтижесі бүгінде адамзатты таңқалдыруда. 1995 жылы ашылып, 26 жыл ішінде РМИ-да перзент сүйгісі келген отбасында 16 000-нан астам бала дүниеге келді. Қосалқы репродуктивтік технологиялардың көмегімен дүниеге келген балалардың өздері бүгінде ата-ана атануда.

Көрмеге Репродуктивтік медицина институтының 1995 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі қызметін баяндайтын құжаттар мен фотосуреттер қойылған. Сонымен қатар, экспозицияда ЭКО бағдарламасы бойынша дүниеге келген балалардың фотосуреттері қойылды.

Көрменің ашылу салтанатына ЭКО бағдарламасы бойынша дүниеге келген балалар, сондай-ақ, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында көптен күткен алғашқы сәби дүниеге келген отбасылар қатысты.

«Ұлымның есімі — Арман. 15 қазан күні дүниеге әкелдім. Бұл қуанышқа РМИ арқасында 9 жыл дегенде жетіп отырмыз. ЭКО-ны биыл жылдың басында жасапты. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевқа,



РМИ ұжымына алғыс білдіремін. Сәбиді сарғая күтудің қандай екенін жақсы түсінемін. Сондықтан әрбір әйелге ана болу бақытын тілеймін», — дейді 25 мыңыншы сәбидің анасы Дана Өмірбекова.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аяулым БЕРІКБОЛҚЫЗЫ,
РМИ клиникасының
репродуктолог-дәрігері:

— Бүгінгі көрменің маңызы ол — «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша туылған 25 мыңыншы сәбидің дүниеге келуі. Ел Прези-

денті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Аңсаған сәби» бағдарламасын жүзеге асырып, 7 мың квота бөлініп, сәби сую арманына қол жеткізді. Солардың бірі — Алматы облысы, Тастыбұлақ ауылының тұрғыны. Бедеуліктің жатыр түтіктік факторы бойынша 3 жыл бойы кезекке тұрады. Қаражаттың жоқтығына байланысты ақылы түрде ЭКО жасауға мүмкіндік болмайды. Биыл Президентіміздің квота бөленген естіп, бірден біздің РМИ клиникасына келіп, өзінің алғашқы мүмкіндігін пайдаланды. Осылайша ақпан айында жүкті болып, 15 қазанда дені сап-сау ұл баланы дүниеге әкеліп, қуа-

нышқа кенеліп отырмыз. Салмағы — 3156 гр., бойы — 52 см. Бедеулік бойынша ең тиімді емдеу жолы — ЭКО. Бұл арқылы көптеген отбасы өз жанұясын сақтап қалып, сәбилі болғандарына көзіміз жетіп отыр.

Елімізде әрбір 6-шы жанұя сәби сүйе алмағандықтан ажырасуға дейін барады екен. 26 жыл ішінде 25 мыңнан астам баланың дүниеге келуі — РМИ үшін үлкен көрсеткіш.

«Аңсаған сәби» бағдарламасында бүгінгі таңда репродуктолог, эмбриолог, уролог-андролог, тағы да басқа дәрігер-мамандарымыздың көмегімен айтарлықтай нәтижеге жетіп отырмыз.



COVID-19



Екпе алудан алдамыз

Алматы қаласында бір тәулікте 3211 адам коронавирусқа қарсы вакцина салдырды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы хабарлады.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Басқарманың мәліметінше, өткен тәулікте 3211 алматылық вакцина салдырды. Коронавирусқа қарсы екпенің I компонентін – 1305, II компонентін – 1906 адам алды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Биылғы жылдың 1 ақпаны мен 28 қазан аралығында

қалада 993 509 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 936 542 адам екінші компонентін салдырған. Оның ішінде 120 464 адамның жасы 60-тан асқан.

Қалада 137 пункт жұмыс істеп тұр. 733 адамнан тұратын 205 екпе бригадасы бар. Қазір медицина ұйымдарында, мектептерде, мәдениет, спорт объектілерінде, базарлар мен қаланың СОСО-да вакциналау пункттері жұмыс істейді.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Өз дәріміз көбейеді

Қазақстан шетелдік дәрі-дәрмектен бас тарта бастады. Қаңтар-тамыз айларында импорт көлемі 700 млн. долларды құраған. Бұл былтырмен салыстырғанда, 11%-ға аз.

Біздің мемлекет дәрі-дәрмекті негізінен, Германия, Үндістан, Ресейден сатып алады. Есесіне, биыл отандық өнімнің үлесі артты. 9 айда қазақстандық фармацевттер 160 млрд. аса теңгенің өнімін жасап шығарды. Жылдағы жекеден 40%-ға көп. Оның басым бөлігі Қарағандыда өндірілген. Сондай-ақ, біздің Алматы, Шымкент қалалары мен Алматы облысындағы фармацевтикалық кешендер де үлес қосуда.



Дегенмен, нарықтағы дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың тек 17%-ы ғана өз өніміміз. 2025 жылға дейін оны 50%-ға жеткізу көзделген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

МЕДИЦИНАЛЫҚ АВИАЦИЯ

жиі пайдаланыла бастады

Бүгінгі таңда медициналық авиация желісінде барлық облыс орталықтарында орналасқан 24 ұшақ пен 13 тікұшақ пайдаланылады.

Олардың барлығы Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитетінде сертифицирталған.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы медициналық блогының меңгерушісі Назигүл Ырымбаева Алматы өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде арнайы әуе кемелерінің жұмысы туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

«2011 жылдан бастап 2021 жылдың қыркүйегіне дейінгі барлық қызмет кезеңінде медициналық авиация желісі бойынша орындалған ұшулар саны 20161 ұшуды құрады. Ұшу саны жыл сайын артып келеді. Авиацияның арқасында бізде автокөліктен екі немесе үш есе жылдам бару мүмкіндігі пайда болады. Пациентті тасымалдау туралы сөз болғанда, бұл шешуші факторға айналуы мүмкін», – деп атап өтті Н.Ырымбаева. Медиаавиация жетістіктерінің тізімінде 35 операция, донорлық органдарды алу және тасымалдау үшін 75 ұшу жүзеге асырылған. Айта кететін жайт, ел ішіндегі шақырулардан басқа, дәрігерлер ҚР азаматтары мен шет елде қиын жағдайдағы қандастарды халықаралық тасымалдауды жүзеге

асырған. Сондай-ақ, спикер жыл сайын республикада медиаавиацияға шақырулар саны біртіндеп артып келе жатқанын хабарлады. «2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 26576 пациентке медициналық көмек көрсетілді. Пациенттердің жалпы санының 22%-ы – патологиясы бар балалар, 20%-ы – ДП, жазатайым оқиғалар мен уланулар нәтижесінде жарақаттары бар пациенттер, 17%-ы – акушерлік практикадағы шұғыл жағдайлар бойынша пациенттер, 16%-ы – қан айналымы жүйесі ауруларымен, 14%-ы – жаңа туған нәрестелер және 11%-ы – өзге де аурулар бойынша. Бұл тек сандар ғана емес, әр ұшудың артында уақыттың жедел медициналық көмек көрсетілген адамдардың тағдыры тұр», – деп атап өтті медициналық бөлімнің меңгерушісі.



өндеуге ерекше көңіл бөлінеді», – деді спикер. Медициналық авиация қызметі COVID-19 коронавирус инфекциясымен күрес аясында 2020 жылғы наурыздан бастап және 2021 жылғы 9 айда 249 ұшу жүзеге асырылып, 1160 пациентке көмек көрсетілген.

Сөзін қорытындылай келе, Н.Ырымбаева Ситуациялық орталықтың тәулік бойы жұмыс істеп жатқанын, оның мамандары сараптамалық топпен бірлесіп, тұрақты негізде анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесіндегі пневмонияның ауыр түрімен ауыратын жағдайы ауыр пациенттерге күнделікті мониторинг және талдау жүргізетінін хабарлады.

ОТА

Енді шет ел аспаймыз



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Мегаполистегі Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында жылына 150-ден аса күрделі операция жасалады.

Жақында ғана жөндеуден өткен кардиохирургиялық бөлімшесіне 3D визуализациялаудың мүмкіндіктері бар заманауи торақоскопиялық тіреу қондырғысы орнатылған.

Бұл жаңа аппаратура кеудені кеспей-ақ жүрек қақпақшаларына аз инвазивті операция жасауға және

коронарлық шунттауды орындауға мүмкіндік береді.

Ауруханада тек жүрек емес, бүйрек, бауыр секілді адамның маңызды ағзасын емдейтін білікті мамандар да бар. Олар жыл сайын медицинасы озық шет елдерге барып, білімін жетілдіріп, тәжірибе жинап келіп отырады. Сол кардиохирургиялық бөлімшеде алғашқы ота британиялық Джон Паттерсон есімді 74 жастағы пациентке жасалды. Қазақстандық медицинаның дамып келе жатқанын естіп, көріп жүрген соң алысқа бармай-ақ, осында операция жасатуға тәуекел еткен ол біздің елде біраз жылдан бері тұрып келеді екен. Басы айналып, дем жетпей, дәрігерлер көмегіне жүгінген.

Мамандар науқасты толық тексеріп, жүректің қолқа қақпақша-



сын ауыстырып, үш тамырдың қан айналымын реттеу керектігін мәлімдеген. Операция 5 сағатқа созылып, сәтті өткен. Британиялық азаматтың алматылық дәрігерлерге айтар алғысы шексіз.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ҚАЗАҚСТАН тағы бірнеше елдің вакцинация паспорттарын жарамды деп таныды. ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес, енді Аргентинада, Мажарстанда, Грузияда, Иран Ислам Республикасында, Иорданияда, Қырғызстанда, Мальдив Республикасында, Моңғолияда, Арменияда, Беларусьта, Молдовада, Сан-Маринода, Үндістанда, Филиппинде, Таиландта, Түркияда және Эстонияда берілген азаматтардың вакцинация паспорттары/сертификаттары/анықтамалары Қазақстан Республикасының аумағында жарамды болады.

ГЕРМАНИЯ жерінде коронавирус қайта өршіді. Тіпті, кей ауруханаларда жоспарлы операциялар кейінге қалдырыла бастады.

Осыдан бір аптадай бұрын ауру жұқтыру дерегі едәуір аз болған. Жансақтау бөліміне жатқызылған науқастар саны 15%-ға артқан. Олардың басым көпшілігі – екпе алмаған азаматтар.

ЧИЛИ билігі әлеуметтік арақашықтық шектеуін қайта енгізуге мәжбүр. Индет ел астанасы Сантьягода көп тіркеліп отырған көрінеді. Ал дәрігерлер коронавирусты жұқтырғандардың басым бөлігі ковидке қарсы екпе салдырмағандар дейді.

Тақырыпқа орай айта кетсек, 19 млн.-нан астам тұрғыны бар Чилиде коронавирусқа қарсы халықтың 92%-ы толық егілген. Қазір елде 6–11 жас аралығындағы балаларды вакциналау қолға алынып отыр.

БЕТПЕРДЕ ТАҒУ МІНДЕТТІ



РЕСЕЙ билігі қайта локдаун жариялады. Денсаулық сақтау, қызмет көрсету, көлік пен қоғамдық тамақтану салаларының қызметкерлерін екпе алуға қатаң түрде міндеттеді. Елдегі өлім-жітім көрсеткіші күнде «рекорд» жасауда.

Айтпақшы, ресейлік ғалымдар «Спутник V» вакцинасының мұрынға шашатын түрін сынақтан өткізбек. Олар препараттың тиімділігі екпемен бірдей деп отыр. Сынаққа

500 ерікті қатысып, шара алдымыздағы желтоқсан айының соңына дейін жалғаспақ.

БЕЛЬГИЯ да шектеу іс-шараларын күшейткен. Өткен аптада күніге орта есеппен 5 мың 300 адам коронавирус жұқтырған. Сондықтан ел аумағы бойынша бетперде тағу режимі қайта міндеттелді. Ал кәсіпорындар мен компания қызметкерлерінің басым бөлігі қашықтан жұмыс істеуге көшу керек деп отыр дабыл қағушы мамандар. Елде 3 айға төтенше жағдай жарияланды.

АҚШ келесі айда балаларға екпе салуды бастайды. Бұған дейін елде 5–11 жас аралығындағы 2 мыңға жуық бала ковидпен ауырған. Дәрігерлер олардың 8300-іне ауруханада ерекше ем қабылдауға мәжбүр болған. Америка Pfizer екпесімен 28 млн. жасөспірімін қамтымақ.

ПАНДЕМИЯ салдарынан дамыған елдерге келетін мигранттар саны 30%-ға қысқарған. Бұл мәліметті Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының өкілдері мәлімдеген. Ұйымға мүше елдерге соңғы 1 жылда үш жарым млн.-нан аса адам көшіп келген. Бұл 2003 жылдан бергі ең төмен көрсеткіш. Пандемия кезінде тек ауыл шаруашылығындағы маусымдық жұмысқа келетіндер саны ғана азаймаған.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



БӘРЕКЕЛДІ

РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ
ЕСІМІ БЕРІЛДІ

«Қазақконцерт» ұйымының ресми атауы ауысты. Еліміздің бас концерттік ұйымына КСРО және Қазақстанның халық әртісі, Халық Қаһарманы Роза Бағланованың есімі берілді.

Келесі жылы қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланованың туғанына 100 толуына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлы әншінің есімін халық жадында мәңгі сақтауға қатысты шараларды қабылдауды тапсырған болатын. Осыған орай, «Қазақконцерт» тарапынан ұйымға Роза Бағланованың есімін беру мәселесін қарастыру жөнінде Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұлованың атына хат жолданды. Бұл игі бастаманы халық әртістері, «Қазақконцерт» құрамында өнер көрсетіп жүрген еліміздің еңбек сіңірген қайраткерлері, мәдениет үздіктері мен жас таланттар қуана қолдады.

«Роза Бағланованың есімін үлкен өнер ордасына беру әнші есімінің ұлт жадында, келешек ұрпақтың есінде мәңгі сақталуына және уақыт өткен сайын қайта жаңғырып отыруына елеулі үлес қосады деп білеміз», – дейді Жеңіс Сейдуллаұлы.

Өткен концерттік маусымда «Қазақконцерт» ұйымы өзінің 60 жылдық мерейтойын атап өткен еді. Өнер ордасының тарихына көз салсақ, Роза Бағланова «Қазақконцертте» сонау 1960 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін жемісті еңбек еткен. Тандайына бұлбұл ұя салған әнші Роза Тәжібайқызы – Қазақконцерттің негізін қалаушылардың бірі. Ол қазақтың ән өнерін дамытуға зор үлес қосты. Майдан даласында да ән салып, әсем даусымен бүкіл әлемді тамсандырды. Бар ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған Роза Бағланова бойындағы талантымен қазақ өнерінің ұлылығын паш етті.

Айнұр СЕНБАЕВА.

ТҰЛҒАТАНУ

ЕРІН ҰМЫТПАҒАН ЕЛ
ӨРЛЕЙДІ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Бүгінде қазақ бокс мектебін «әлемдік держава» деп айтуға болады. Тәуелсіздік алған жылдардан бері еліміздің былғары қолғап шеберлері талай шынды бағындырып, Олимпиада ойындарында төбе көрсетіп келеді. Ал «бокс» дейтін алтын дінгекті бәйтерегіміздің атасы, спорт журналисі Сейдахмет Бердіқұловтың сөзімен айтсақ, «елімізге бокс қолғабын арқалап келген адам» – Шоқыр Бөлтекұлы. Қазақ былғары қолғап шеберлері мектебі де осы кісінің есімімен тікелей баланысты.

Шоқыр Бөлтекұлы – Қазақ ССР-інің 3 дүркін чемпионы, «спорт шебері» деген атақты иеленген тұңғыш қазақ. Ол 1916 жылы 29 қазан күні Маңғыстау облысы, Жармыш ауылының маңындағы Сарқабак деген жерде дүниеге келген. 30 жылдардағы ашаршылық тұсында ата-анасынан айырылып, Форт-Шевченко қаласындағы жетімдер үйінде білім алған. Ұлы Отан соғысына қатысып, 1944 жылы жарақаттанып елге оралады. Биыл күллі Алаш жұртына ардақты тұлғаның туғанына 105 жыл толып отыр.

ҚАЗАҚ БОКСЫНЫҢ
НАРЫ

Шоқыр Бөлтекұлы рингте 223 кездесу өткізіп, оның 199 кездесуін жеңіспен аяқтаған. Шаршы алаңның шаңын қаққан боксшы ізбасар шәкірт тәрбиелеп, боксқа баулу үшін алақандай алаң іздеп, «Опера және балет» театрының бір бөлмесін сұрап алып, шәкірттерін дайындаған.

1937 жылы Шоқыр Бөлтекұлының басшылығымен Алматы қаласының ресми біріншілігі өтті. 1947 жылы Мәскеуде өткен Кеңестер Одағының біріншілігіне Қазақ елінің құрама командасын Шоқыр атамыз бастап барды. Оның мектебінен Мақсұт Омаров, Әбдісәлан Нұрмақанов, Серік Әбдіәлиев, Виктор және Владимир Кариевтар, Асқар Құлыбаев секілді талантты шәкірттер тәрбиеленіп шықты.

Сондай-ақ, Шоқыр Бөлтеков республикада жаттықтырушылар қатары-



ның көбеюіне де үлкен үлес қосты. Құғын-сүргінге ұшырап, «Қарлағ»-та жүрген жаттықтырушылар Густав Керштейн мен Дәулеткерей Молаевты түрмеден босатып, оларды Алматыға әкеліп, жаттықтырушы қызметіне орналасуына көп еңбек сіңірді.

Атақты боксшы Киевте білім алып, елге бір қолына бокс қолғабын, бір қолына қылқаламын ұстап оралған. Себебі, боксшы спортпен бірге өнерді сүйді, сурет салатын дарыны да

болған. 1947 жылы Киевтегі Көркем-сурет академиясын және дене тәрбиесі институтын бітірген.

Шоқыр Бөлтекұлы «ноқтаға басы сыймай» кеткен аз қазақтың бірі болатын. Кеңестік Республиканың қылышынан қан тамып тұрған уақытта да тегін «ов» деп жаздырмай, «Бөлтекұлы» болып қалып, көп қудаланған қазақ зиялыларының бірі болған. Тегін жаздырарда оның Қабанов деген тергеушімен сөзге келіп, «мен Қабанның емес, Бөлтектің ұлымын» деген сөзі аңыз болып тараған. Ол кезінде Бейімбет Майлин, Бауыржан Момышұлы сынды қазақтың марқасқаларымен етене жақын араласқан. Бауыржан Момышұлы бір сөзінде «екі қазақ бар: бірі – мен, екіншісі – Шоқыр» деген екен.

ЖАРЫ – ҚАЗАҚТЫҢ
ТҰҒЫШ БАЛЕРИНАСЫ

Оқуын бітіріп, Қазақтың опера және балет театрында сурет салып жүрген жас жігіт болашақ жары, кейіннен екі перзентінің анасы, әктөбелік биші Нұрсұлу Тапаловамен танысады. Екеуі Алматыдағы 3 қабатты әртістер үйінің бір бөлмелі пәтерінде қоңырқай ғана тірлік кешті. Кең үй сұрап, біреудің алдына баруды ар санапты. «Шығыстың Заремасы» атанған Нұрсұлуға ән арнаған сазгер де, Шоқырмен елінің шоктығын көтерген ақын да, бәрі-бәрі осы бір бөлмелі пәтердің тұрақты қонақтары болды.

Шоқыр Бөлтекұлы 1994 жылы 78 жасында Алматы қаласында дүниеден озған. Арада 4 жыл өткенде зайыбы Нұрсұлу Елубайқызы да қайтып сапарға аттанды. Бірі – қазақтың тұңғыш боксшысы, бірі – тұңғыш кәсіби балет бишісі, бірі – тұңғыш спорт шебері, бірі – Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген әртісі, бірі – Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «қос тұңғыш» туған елінің топырағында байыз тапты.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?



Абайға арналады

Абай Құнанбаевтың 176 жылдығына орай Елбасы кітапханасы қазақтың ұлы ақыны мен ағартушысының өмірі мен шығармашылығы туралы бейнеролик дайындады.

– Ақын Абай қазақтың импровизациялық поэзиясын классикалық поэзия деңгейіне көтерді, оның тақырыбын кеңейтті, оған әлі белгісіз жанрлар мен формаларды енгізді. Көрнекті ойшылдың шығармалары әлемнің көптеген тіліне аударылған, – дейді ұйымдастырушылар.

Бейнероликті сілтеме бойынша онлайн көруге болады: <https://clck.ru/YWVC9>

Иллюстраторлар аллеясы

Алматыда иллюстраторлар аллеясы пайда болады. Рас, оны тек осы демалыс күндері Almaty Illustration Fair аясында көруге болады. Ең шығармашылық және креативті фестивалде Қазақстанның түрлі аймақтарынан келген заманауи суретшілер өз жұмыстарын ұсынады. Шақырылған суретшілер мен спикерлер шеберліктің құпиясы мен өнердегі жаңа «чиптер» туралы әңгімелейді. Сондай-ақ, шығармашылыққа арналған интерактивті аймақтар құрылады, тақырыптық кәдесыйлар жәрмеңкесі, отандық комикстердің тұсаукесерлері өтеді.

Күні мен уақыты: 30 және 31 қазан 11.00-ден 20.00-ге дейін.

Өтетін орны: COO Forum (Сейфуллин даңғылы, 617).

Жұлдызды
қонақтар

Әлемдік балет жұлдыздары Алматыда өнер көрсетеді. Ballet Globe IV Халықаралық би фестивалі биыл XX ғасырдың басты балеринасы Майя Плисецкаяға арналады. Прима өзінің стилімен, ерекше әсемдігімен және керемет шығармашылық ұзақ өмірімен танымал. Абай атындағы Қазақ

ұлттық академиялық опера және балет театрының тарихи сахнасында 30 және 31 қазан күндері «Аққу көлі» классикалық қойылымымен ашылатын Ballet Globe фестивалі өтеді. Өнер сүйер қауым үшін басты партияларды Ресейдің Үлкен театрының жұлдыздары – жетекші солист Алена Ковалева және Ресей президенті сыйлығының лауреаты Денис Родькин орындайды.

Күні мен уақыты: 30 және 31 қазан, басталуы 19.00.

Өтетін орны: Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театры (Қабанбай батыр көшесі, 110).

ЖӨН ЕКЕН!



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Ұзақ жыл бойы қажырлы еңбек еткен ғалым, педагог-әдістемеші, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, педагогика ғылымының кандидаты, Алматы қаласының Құрметті азаматы Рафиқа Бекенқызы Нұртазинаның құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.



ҰСТАЗ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Рафиқа Бекенқызына ескерткіш-тақта орнатылды

Мемориалдық тақта қазақ мектептерінің қара шаңырағына айналған Шоқан Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия ғимаратының қабырғасына орнатылды. Ескерткіш-тақтаны Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі Мамай Ахетов пен академик, филология ғылымының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы тіл білімі кафедрасының профессоры Элеонора Дүйсенқызы ашты.

Рафиқа Бекенқызы қазіргі Павлодар облысында дүниеге келген. 1949–1971

жылдары Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, 1971 жылдан осы мектептің директоры болып қызмет атқарған. 1966 жылы «Құрмет белгісі» орденімен және «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» атағымен марапатталған. 1972 жылы республикалық педагогика қоғамының төрайымы болып сайланды. Рафиқа Бекенқызы 300-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әде-

биетін оқыту бағдарламасын әзірлеуге қатысқан әдіскер-ғалым.

«Бүгін біз тарихи оқиғаның куәсі болдық. Дәл осы мектеп қабырғасында жазылуда лайықты бір адамның есімі болса, ол – Рафиқа Нұртазинаның есімі болуы заңды. Себебі, кешегі кеңес дәуірінде қазақ тілі санаулы ғана кәсіптің «тілі» болып, қоғамнан шет қалған кезде қазақ тілінің паналаған қасиетті шаңырағы осы мектеп еді. Ал оны ұстап тұру үшін мектептің басшысы, ұстаздары өте бе-

делді болуы керек. Ол кезде қарапайым мұғалімнен Социалистік Еңбек Ері деген атаққа ие болу үлкен ерлікке саналады. Ғасырлық мерейлі белесінде өзі еңбек еткен мектептің қабырғасында ескерткіш-тақтаның орнатылуы тарихи жағынан да, қай жағынан алғанда да әділеттіліктің орнауы деуге әбден болады. Шәкірт тәрбиелеуде елдің құрметіне бөленген ұстаз әрбір құрметке лайық», – деді Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі Мамай Ахетов.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Сауық ЖАҚАНОВА, ҚР еңбек сіңірген артисі, диктор, Рафиқа Бекенқызының шәкірті:

– Мен 1961 жылы мектеп бітірдім. Өткен ғасырда бізге ұстаз болған Рафиқа Нұртазина шәкірттерінің есінде мәңгілік сақталады. Қаладағы ұстазым тұрған көшемен күнде өтемін. Сонда автобуста отырғандарға «сіздер білесіздер ме, кімнің тұрған көшесінен өтіп келе жатқандарыңызды?» деп бұл кісінің шәкірті болғанымды мақтанып тұрып айтып беремін. Рафиқа Бекенқызы Социалистік Еңбек Ері атағын алған тұңғыш ұстаз. Ұстаздардың ұстазы, ғажап адам еді. Ауылдан келгем, орыс тілім нашар. Сонда Рафиқа апай: «Сауық, сен даусыңды шығарып оқы» дейтін. Ол уақытта мен мән бермеппін. Ұстазымның даусыңды шығарып оқы

дегенінің арқасында мен диктор болдым. Көрегенділігі сондай шәкірттеріне дауыс қою дегенді, қазақ тілі болсын, орыстың тілі болсын, дауыстап оқу арқылы ғана тіл жаттығатынын мектеп кезінен-ақ үйретті.



Ғани АЙДАРҰЛЫ, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы:

– Қала басшылығының қолдауымен бүгін тағы бір қазіргі заман тарихының жаңа беті жазылды. Осы мектепте Рафиқа Бекенқызы секілді ұлы адамдар қызмет етіп, ұлы тұлғаларды түлетіп ұшырғанына тарих куә. Ұстаз атындағы мемориалдық тақтаның мектеп қабырғасына орнатылуының ұрпақ тәрбиесінде маңызы бар дүние. Сондықтан ұстаздың есімі тарих беттерінде алтын әріппен жазылып, ұрпақ санасынан өшпейді. Алматы қаласының әкімшілігі бұл бағытта әлі талай жұмыстарды атқарады.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

Жібек жолы

Күзгі көлөнер жәрмеңкесі осы демалыс күндері Жібек жолы көшесінің жаяу жүргіншілер аймағында өтеді. Өз жұмыстарын Қазақстанның түрлі өңірлерінен, тіпті көршілес мемлекеттерден көлөнершілер алып келеді. Мұнда сіз киіз, кілем, керамика, күміс зергерлік бұйымдарды, ағаш қораптарды, дәстүрлі кәдесыйларды және тағы басқаларды көре аласыз. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жәрмеңкелердің басты мақсаты – халық көлөнерін дәріптеу және Ұлы Жібек жолы тарихын бейнелеу болып табылады.

Күні мен уақыты: 30 және 31 қазан сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін.

Өтетін орны: Жібек жолы даңғылы, Желтоқсан мен Наурызбай батыр көшелерінің аралығында.



Қазіргі артефактілер

«Artefucky» жобасының бастамашылары мен авторлары – суретші Әсел Кенжетәева мен фотограф Наталия Косинин дәстүрлер мен заманауи көзқарастардың тамыры қалай тоғысатынын туралы экспозицияны ұсынды. Бұл көрме –

авторлардың ауқымды фотожобадағы жартыжылдық жұмысының нәтижесі. Қазақстанның танымал тұлғалары – актерлер, режиссерлер, музыканттар, зияткерлік мамандық иелері модель болады. Әсел Кенжетәева стилист және костюм суретшісі ретінде өнер көрсетеді. Фотопроект қонақтарының әр киімі ерекше. Ескі маталар мен кілемдерден қолдан тігілген шапандар джинсы секілді заманауи маталармен араласады.

Күні мен уақыты: экспозиция 7 қарашаға дейін сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін қолжетімді.

Өтетін орны: шығармашылық алаң (Бекхожин көшесі, 15 А).

Барыс сахнада

Аты аңызға айналған Сац театрының сахнасында балаларға арналған экологиялық қойылымның премьерасы өтеді. «Қар барысының шытырман оқиғасы» спектаклі Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында және БҰҰ атап өтетін Халықаралық қар барысының күніне орай 77-ші театр маусымы аясында ұсынылатын болады.

Күні мен уақыты: 31 қазан, басталуы 12.00.

Өтетін орны: Наталия Сац атындағы балалар мен жасөспірімдер театры (Шаялиев көшесі, 22).



Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ЕРТЕҢ – ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ!

Рая
ЕСКЕНДІР

Қаламыздағы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы Жетісу аудандық Әлеуметтік әл-ауқат бөліміне қарасты «Мүгедек балалар, психоневрологиялық ауытқулары бар 18 жастан асқан мүгедектерге үйде әлеуметтік көмек көрсету» деп аталатын бөлімше бар.

Бөлімге ұзақ жылдардан бері Маржан Қырғызбаева басшылық етіп келеді. Аталмыш бөлімшенің аты айтып тұрғандай, тағдырдың қатал сынына тап келсе де, сағы сынбаған балалармен, олардың ата-аналарымен жұмыс жасайды. Бөлімше қызметкерлерінің басты міндеті – үйдегі мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасап, олардың өмірге деген қызығушылығын арттыру.

– Біздің бөлімше қызметкерлерінің жұмысы өте жауапты. Содан да болар, кейде көп кісілер қиын саланы таңдаған жандардың жүрегінің жұмсақтығына қайран қалып жатады. Өмір болған соң сан түрлі тағдырлардың болуы да заңдылық. Бұл ретте әлеуметтік қызметке өздеріне жүктелген жұмыстың өте жауапты екенін терең сезінетін жандар ғана тұрақтайды. Әрине, басына түскен қиындыққа қамығып отырған атаның көңіл күйі күнде өзгеріп отырады. Олармен бірден бел шешіп, жұмыс жасап кетудің өзі оңай емес. Әлеуметтік қызметкерлер ата-аналармен бірлесіп түрлі іс-шараға, таза ауаға серуенге шығады. Қажетті нәрс-

Баланы қуантқанға не жетсін!

Әлеуметтік сала маманы болу – үлкен жауапкершілік



лерді әкелу үшін кейде дүкенге, базарға барып келеді. Ата-анаға бұл – сәл де болса көмек. Әсіресе, қоғамға қажет екенін сезінген мүмкіндігі шектеулі балалардың қуанышын көрудің өзі адамға күш береді. Қазіргі кезде біздің бөлімшеде бүкіл ауданға қызмет көрсетіп отырған 12 әлеуметтік қызметкеріміз бар. Әрбір қызметкерге мүмкіндігі шектеулі 6 бала бекітілген. Олар министрліктің арнайы бекіткен стандартына сай Әлеуметтік тұрмыстық, Әлеуметтік медициналық, Әлеуметтік психологиялық, Әлеуметтік педагогикалық, Әлеуметтік мәдени, Әлеуметтік экономикалық, Әлеуметтік құқықтық, Әлеуметтік жұмыспен қамту бойынша қызмет көрсетеді, – дейді бөлімше меңгерушісі Маржан Төлеуқызы.

Аталмыш бөлімше қызметкерлері әрбір айдың соңында өздері атқарған жұмыстың есебін беріп отырады. Ол жұмыстың қалай атқарылып жатқанын қадағалап отыратын арнайы маман тағы бар. Қалай дегенмен де, әлеуметтік сала маманы болу – үлкен жауапкершілік.

БЕЙНЕҚОҢЫРАУ

Жаңа қызмет іске қосылды

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Қазақстандықтар ХҚКО қызметтерін енді бейнеқоңырау арқылы ала алады. Бұл туралы Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин мәлімдеді.

Жаңа қызмет түрі пилоттық режимде Ақмола, Қостанай, Павлодар және Қызылорда облыстарында іске қосылған. Аталған өңір тұрғындары ХҚКО-ға бармай-ақ, биометрия бойынша сәйкестендіруден өтіп, бейнеқоңырау қызметтерін ала алады. Бұл кеңес беру емес, нақты мемлекеттік қызмет алу болып саналады.

– Неліктен бұл мүмкін болды? Пандемия кезінде біз көпшілікке таныс әрі кеңінен қолданылатын онлайн қызмет түрлері бар екенін білдік. Оны адамдар тез үйреніп, меңгеріп алған. Сондай-ақ, күрделі, іске қосылмаған қызмет түрлері де бар. Сондықтан оларды биометрия бойынша сәйкестендіру арқылы алуға болатын етіп жасадық. Ең маңызды функция – жеке басын сәйкестендіру. Содан кейін бейне арқылы барлық мемлекеттік қызметтерді көрсетуге және көшірмелерін электрондық форматта алуға болады, – деп түсіндірді Бағдат Мусин.

ҒАЛАМТОР ӘЛЕМІ



ЖЕЛІГЕ ЖІПСІЗ БАЙЛАНҒАҢДАР

Қазіргі кезде адамдар өмірінің жартысын әлеуметтік желіде отырумен өткізеді. Иә, байқасақ, бүгінде көп адам тез ашуланғыш, мейірімсіз, қатыгез, төзімсіз болып барады. Мамандардың айтуынша, әлеужеліге байланған жандардың жақындарымен байланысы нашарлап, өзінің жұмысына деген қызығушылығы төмендейді екен.

Бүгінде әлеуметтік желінің ішіндегі ең көп қолданыстағы Инстаграм біраз адамның табыс көзіне айналған. Ондағы әнші, биші, блогер, коуч дегендердің паракшасындағы «қызықтарды» көз алмай тамашалайтын желі қолданушылары солар секілді табысты болуға, шет елге шығып сайрандап жүруге ұмтылады. Сөйтіп жүріп «желідегі пысықтардың», алаяқтардың құрығына оп-оңай ілінеді.

Айнұр
СЕНБАЕВАСара ВОХРА,
психиатр-маман:

Телефонға телмірген күндер

– Әлеуметтік желіге тәуелділік ішімдікке тәуелділікпен бірдей. Мысалы, маскүнем таңертең көзін аша салысымен бір жұтым ішімдік іздейді. Ал желіге тәуелді адамдар ояна сала телефонына жармасады. Жұрт таңертең оянып, жуынып-шайынып, таңғы асын ішіп жатқанда кейбір блогерлер ерте сторис түсіріп, жаңа контент пост жазумен айналысады. Виртуалды өмірге басымен кіріп кеткені соншалық, уақытылы тамақтанып, денсаулығын күтуге де уақыт таппайды. Желіге жиі сурет жария-

лайтын адамдар түрлі фильтрлер мен фоторедакторларды қолдануға әуес болады. Суретін қалағанынша жөндеп, бетін мінсіз етіп көрсететін адамдар шынайы өмірдегі өз бейнелеріне көңілдері толмай, өзін-өзі қабылдай алмауға дейін жетеді. Тіпті, кейбіреулер қайта-қайта пластикалық ота жасатады. Осының бәрі адамның адекватты ойламауынан болатын жағдай. Жалпы, желідегі жаңалықты жіберіп алмайын деп телефонға телміре берудің соңы жақсылыққа соқпайды.

Мақсат ТОЛЫҚБАЙ,
журналист:

Қазақ тегін дүниені жақсы көреді

– Бизнес-тренинг өткізгіштер неге көбейді? Бұл – ақша табудың ең керемет жолы. Бір қызығы, бизнесмен болуың шарт емес. Орақ тілді, отауызды және манипуляцияның шебері болсаң жеткілікті. Жұртты бизнеспен айналысуға шақырардан бұрын, Дейл Карнегиден бастап адам сеніміне кірудің тоқсан тоғыз айласын үйрететін кемінде атакты 20 коучтың кітабын оқып шық! Сөйтіп, жұрттың санасына тренингке қатысқан, өмірің өзгереді деген ойды мықтап сіңіресің. Өзгергісі келетін кімдер? Жұмыссыз, қиын жағдайға тап болғандар, жалақысы аз, оңай олжаға кенеліп тез байып кетуді көздейтіндер. Сендіре алсаң болды. Кредит алып, соңғы тының санап беруден тайынбайды. Айтпақшы, семинардың тақырыбын «1 айда миллион теңге табудың жолдары», «Бай болудың құпиясы», «Іскер

әйел бол» деп қоясын. Клиент тарту үшін бірінші сабағынды тегін өткізесің. Қазақ тегін дүниені жақсы көреді. Бай болудың құпиясын бірден жайып салмаймын, сізге керек «кілтті» 1 апталық ақылы курста оқытамын дейсін. Отырғандардың 20 пайызы алдыңа қайта келеді. Алдап-арбап 300 адамнан 350 мыңнан жинап алсаң болды. Сол күннен бастап сен миллионерсің! 105 миллион теңге қалтанда. Фотосессия жасап, үстіңе қымбат киім киіп, астыңа қымбат көлік мініп, шашыңды жақпамаймен қайырып, іскер, дәулетті бизнесменнің ролін сомдайтын бол! Арасында «неге өзге ұлт өкілдері бай болуы керек, қазақ жастары базарда арба айдауы керек пе?» деп өзінді патриот ретінде көрсетіп қойсаң, тіпті, ауыздарын ашып, аһ ұрып, сені құдайдай көреді.

Айнара БАЙЖАН,
блогер:

Сарқылып қалмаңыздар!

– Әлеуметтік желінің пайдасы да, зияны да бар. Әр адам өзіне қажетін алады. Әрине, Инстаграмда көп блогерлер жұртқа балқып-шалқып жүрген өмірін көрсетуге тырысады. Ал экранның бергі жағында отырған адамдар «мұндай «роскошь» менде неге жоқ» деп іштей өзін-өзі жейді. Алғашында Инстаграмға торттың суретін салсам, күйеуім: «Андағынды нанға ақша таппай отырған адамдар көреді ғой» дейтін, отбасымның суретін салсам, күйеуі жок әйелдердің жүрегін жаралап аламын ба, баламның суретін салсам, бір сәбиге зар боп жүрген жандар қарап отыр ғой деп қысылатынын. Бірақ әлеуметтік желі біз қаласақ та, қаламасақ та, қалып-

ты өмірге айналды. Рас, әлеуметтік желі кей жағдайда адамдардың ызасын тудырады. Біреудің жетістігіне қуанғаннан гөрі көп адам, әсіресе әйел қауымы менде неге жоқ деп налиды, депрессияға түседі. Өз уақытын біреудің сторисін тамашалауға арнап, өзгенің өміріне қызығады. Бірақ ойлап отырсақ, бізде ақшадан да қымбат денсаулық, уақыт және энергия деген өте бағалы ресурстар бар. Ол күн санап сарқылып жатыр. Осы ресурстарды өзгенің ақшасын санап, біреудің өмірін бақылағаннан гөрі білім алуға, мақсатқа жетуге жұмсаған дұрыс деп ойлаймын. Әлеуметтік желіні де сауатты пайдалануға дағдылану керек.

ТҮЙІН:

Виртуалды әлем сағым іспеттес. Біз қиялымыздағы өмірді армандап жүргенде, шынайы өміріміз өтіп барады. Жұрттан лайк жинап, әркімнің өміріне қызғанышпен қарағаннан гөрі, ауамен кең тыныстап, сұлулықтан ләззат алу, әр минутты бағалау әлемжеліге байланғаннан әлдеқайда тиімдірек.



ЦИФРЛАНДЫРУ – ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ
«Ақпараттық сервистеріне» көз жүгіртсек...



Динара
МУРАТ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев болашақта елдің байлығы, даму көрсеткіші жерасты байлықтарының көлеміне қарай емес, заманауи технологияны қаншалықты игергендігіне, онымен жұмыс істеу әдетінің қалыптасуына байланысты болмақ екенін өз Жолдауында айтқан болатын. Сол себепті, Қазақстанда «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қолға алынып, онда мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру төрт маңызды бағыттардың бірі ретінде көрсетілген. Олар жаңа технологиялардың жаңалығына ілесе отырып, халыққа жақын, қолжетімді болуға тиіс.

Соңғы жылдары сандық технологиялар үкіметтік нысандардың барлығына енуде. Мысалы, халықты жедел ақпараттандыру үшін Қазақстан Республикасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті «Ақпараттық сервистерді» іске асырып отыр. Ал оның мүмкіндіктері жайлы комитеттің Алматы қаласы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры Ержайнақ Бозжігітұлы айтып берді.

пайдаланушылардан кері байланыс күтеміз, оны қарастырамыз. Егер қандай да бір ұсыныс жиі кездесетін болса, мүмкіндігімізге қарай, деректерді өңдеу және ұсыну қауіпсіздігін сақтай отырып, оны жылдам жүзеге асыруға тырысамыз. Сайт күні кеше ашылған жоқ, сондықтан жылдар бойы жинақтаған тәжірибіміз жемісін беріп, барынша ыңғайлы жасалған деп ойлаймын.

– Портал қаншалықты сұранысқа ие? Қолданушылар санына тоқталсаңыз?

– Портал пайдаланушыларының саны сөзсіз өсуде. Бұл елімізде цифрландыру деңгейінің артуымен байланысты. Мысалы, 2017 жылы Qamqor.gov.kz порталына шамамен 463 000 адам келсе, биыл пайдаланушылар саны 1 600 000 адамды құрап отыр.

Дегенмен, халық арасында мұндай технологиялардың мүмкіндіктері жайлы кеңінен айтылса дейміз. Әсіресе, пандемия кезінде онлайн қызметтің тиімділігіне куә болдық. Цифрландыру – заман талабы. Қазақстандықтар оның бар артықшылықтарын игере алса дейміз.

– «Ақпараттық сервистер» қашан құрылып, халыққа қолжетімді болды? Бұл жобаның негізгі мақсаты қандай?

– «Ақпараттық сервис» порталы 2006 жылы құрылған. Содан бері түрлі өзгерістерге ұшырап, жаңа мүмкіндіктермен толыға түсті. Ондағы қызметтер «qamqor.gov.kz» ресми сайтында барлық азаматтар үшін интернет-арна арқылы еркін қолжетімді.

Ақпараттық сервисінің негізгі мақсаты – құқықтық статистикалық және арнайы есепке алу бойынша ақпарат беру. Бірақ тұтастай алғанда портал көрсетілетін қызметтердің кең спектріне ие. Мысалы, портал пайдаланушысы әкімшілік айыппұлдардың бар-жоғын тексере алады, тексеру заңдылығының мәртебесін біле алады немесе полицияға онлайн-режимінде өтініш бере алады. Яғни біздің мұндағы басты міндетіміз – халық пен құқық қорғау органдарының байланысын нығайту, көптеген қызмет түрлерін барынша оңтайландыру.

– Сіз жаңа ғана порталдың мүмкіндіктерін атап өттіңіз, тағы қандай ерекшеліктері бар?

– Мысалға «Геокарталар» бөлімін айтуға болады. Бұл бөлімде сіз Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің геоақпараттық жүйелерінен келесі мәліметтерді ала аласыз: қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы (қылмыс картасы), апаттық картасы (ЖКО картасы), көмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы, көмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың картасы, жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдарға өтініштерінің картасы. Барлық карталар қолданыста жеңіл әрі қарапайым жасалған. Мысалы, қылмыстық құқық бұзушылықтар картасында кез келген елдімекенді басу арқылы қылмыстардың санын, жасалған орны, уақыты немесе қылмыс түрлері бойынша мәліметтерді неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу мүмкіндігін көруге болады.

– Аталған геоақпараттар қарапайым халық өкілдеріне қолжетімді ме?

– Картаны патрульдік-бекеттік маршруттарды орналастыру кезінде полиция органдарының қызметкерлері, сондай-ақ, заң жоғары оқу орындарының студенттері, ғылыми қызметкерлер мен қарапайым азаматтар пайдалана алады. «Қылмыстық құқық бұзушылық картасы» елдегі танымал «Крыша.кз» порталымен біріктірілген, онда азаматтар жылжымайтын мүлікті сатып алу немесе жалға алу кезінде ауданның қылмыстылығын көзбен бағалай алады.

– Сіздің ойыңызша, сайт қаншалықты ыңғайлы? Қолданушылармен кері байланыс бар ма?

– Порталдың қолайлылығына қолданушылар ғана баға бере алады. Сондықтан біз

Қылмыстар туралы өтініштер беру

беру

Бұл бөлімде азаматтар үйден шықпай-ақ полицияға арыз бере алады.

Қылмыстар туралы өтініштерді бақылау

Бұл бөлімде азаматтар өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерін (хабарламаларын), тіркелуін құқық қорғау органдары өтінішті қабылдаған кезде берген талон нөмірі бойынша тексере алады.

Құқықтық статистика

Бұл бөлімде құқықтық статистика мәліметтерін (статистикалық есептерді) алуға болады.

Мемлекеттік органдарға жүгіну

Бұл бөлімде азаматтар өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерін (хабарламаларын), тіркелуін құқық қорғау органдары өтінішті қабылдаған кезде берген талон нөмірі бойынша тексере алады.

Айыппұлдар туралы мәлімет

«Өз айыппұлдары туралы біл» бөлімі. Бұл бөлімде азаматтар әкімшілік құқық бұзушылықтар, төленбеген айыппұлдар туралы ақпаратты тексере алады.

Балалары оларды іздеуде

Бұл бөлімде азаматтар өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерін (хабарламаларын), тіркелуін құқық қорғау органдары өтінішті қабылдаған кезде берген талон нөмірі бойынша тексере алады.

Геоақпараттық жүйелер

Бұл бөлімде азаматтар өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерін (хабарламаларын), тіркелуін құқық қорғау органдары өтінішті қабылдаған кезде берген талон нөмірі бойынша тексере алады.

Сіздің тексеруді тіркеу

Бұл бөлімде азаматтар өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерін (хабарламаларын), тіркелуін құқық қорғау органдары өтінішті қабылдаған кезде берген талон нөмірі бойынша тексере алады.

Анықтамаларды тексеру

Бұл бөлімде азаматтар өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерін (хабарламаларын), тіркелуін құқық қорғау органдары өтінішті қабылдаған кезде берген талон нөмірі бойынша тексере алады.

Балаларға іздеу салу

Бұл бөлімде азаматтар өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерін (хабарламаларын), тіркелуін құқық қорғау органдары өтінішті қабылдаған кезде берген талон нөмірі бойынша тексере алады.

Тұлғаларды іздеу

Бұл бөлімде азаматтар өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерін (хабарламаларын), тіркелуін құқық қорғау органдары өтінішті қабылдаған кезде берген талон нөмірі бойынша тексере алады.

QR-code сканерле де qamqor.gov.kz ресми сайтына кір



ОЛИМПИАДА

«ҚЫЗЫҚТЫ
ЗООЛОГИЯ»

Алматы хайуанаттар бағының туған күніне орай, қарашаның 3, 4, 5-і күндері 7-8-сынып оқушылары арасында зоология саласы бойынша олимпиада өтеді.



Жобаның ұйымдастырушысы – Алматы хайуанаттар бағы мен Абай атындағы ҚазҰПУ. «Қызықты зоология» деп аталатын танымдық олимпиадада оқушыларға 6 тапсырма беріледі. Білім жарысында тәжірибелік тапсырмалар, есептер, есте сақтауға арналған қызықты ойындар мен логикалық сұрақтар болады.

Өткізілетін уақыты: 1-санат – сағат 10.00–11.30, 2 санат – сағат 15.00–16.30. Олимпиаданың ұзақтығы – 90 минут.

Қатысушы ретінде тіркелу үшін 7 701 676-85-85 нөміріне хабарласу керек. Орын саны шектеулі. Қатысушы өзінің аты-жөні, мектебі, сыныбы, жасы мен қатысатын күні, уақыты жайлы толық ақпаратты көрсетілген нөмірге хабарлайды.

Белгіленген күні олимпиадаға қатысушы Алматы қаласы, Орманов көшесі, 64 (зообақтың қызметтік кіреберісі) мекенжайына келуі керек. Оқушы өзімен бірге қаламсап, өшіргіш, қарындаш ала келуге тиіс.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

ӘУЕСҚОЙ ӘЛЕМ

Тілек
ағашы

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыдағы көше өнерпаздарының сахнасына айналған Жібек жолы көшесінің орталық алаңында тілек ағашы пайда болды.



Қолөнер туындысы 2 ай дайындалыпты. Авторлардың айтуынша, тілек ағашын орнатудағы мақсат – ата-бабадан дарыған күшті бойға сіңіріп, тамырдың терең жайылуы арқылы ұрпақтар сабақтастығын көрсету. «Тілек ағашы – армандар мен ұсыныстардың объектісі ретінде қолданылады әрі орналасуымен және сыртқы түрімен ерекшеленеді», – дейді идея авторы Альбина Төребек.

Қала тұрғындарының пікірінше, ұлттық құндылықтарымыздың заман талабына сай болуы көпшіліктің көңілінен шығып қана қоймай, оның мән-мағынасын зерделеуге ықпалын тигізеді. «Өте әдемі салынған. Өзіме ұнады. Менің ойымша, ағаш – сүйіспеншілік пен бақыт символы», – дейді қала тұрғыны Әлия Құсайынова.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

«АҚЫЛДЫ ЖЫЛЫЖАЙ»

Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу базасы тағы да инновациялық технологиямен толықты. Оқу ордасының «Агроуниверситет» тәжірибелік шаруашылығы базасында ғажайып «Ақылды жылыжайдың» салтанатты ашылуы өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР



«Ақылды жылыжайдың» ашылу салтанатына ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, Корея Республикасының азық-түлік, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы саясаты департаментінің директоры Ким Джон Ку, Корея Республикасының Бас консулы Ким Хын Су, «Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы» КЕАҚ Басқарма төрағасы Гүлмира Исаева, Корея Республикасы агротехнологияларды коммерцияландыру және енгізу қорының вице-президенті Ким Бен Ун, «КОТРА» компаниясының директоры Ли Джунг Хун, «Жеміс-көкөніс шаруашылығы ҚазҰПИ» ЖШС Басқарма төрағасы, ҚР ҰҒА академигі Теміржан Айтбаев, Алматы облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының м.а. Куюмчан Омаров, Талғар ауданы әкімінің орынбасары Ермек Толкынов және аграршы ғалымдары мен студенттер қатысты.

Жиынды ашқан ҚазҰАУИ Басқарма төрағасы–ректоры, академик Тілектес Есполов еліміздегі аграрлық саладағы жетекші университеттің соңғы жылдардағы трансформациялану бағытындағы жеткен жетістіктеріне тоқталып өтіп, білім-ғылым-өндіріс жүйесін интеграциялауда кездескен мәселелерді ортаға сала келе:

– Біз Оңтүстік Кореяның азық-түлік, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы министрлігіндегі серіктестерімізге, Ауыл шаруашылығы технологияларын коммерцияландыру және енгізу қорының басшыларына Қазақстанның АӨК-сін дамытуға қосқан үлесі мен қолдауы үшін алғысымызды білдіреміз, – деді.

Келесі сөз кезегін алған ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол

Қарашөкеев «Кореялық озық технологияға негізделген инновациялық жылыжай құрылысының тарихы 2019 жылдың сәуір айында Елордамызда өткен Қазақстан–Оңтүстік Корея бизнес-форумынан басталып, екі елдің Мемлекет басшылары Қазақстанның ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу саласындағы ынтымақтастықты дамыту туралы уағдаластыққа қол жеткізді», – деп атап өтті. Корея Республикасының Ауыл шаруашылығы технологияларын коммерцияландыру және енгізу қоры мен «Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ арасында ҚазҰАУ-дың «Агроуниверситет» оқу-тәжірибелік шаруашылығы базасында корейлік «Ақылды жылыжай» ашу және пайдалану туралы келісім жасалды.

инвестициялық ахуалды арттыруға мүмкіндік беріп, еліміздің ауыл өнеркәсібін дамытуда жаңа инновациялық шешімдерді қолдану объектісіне айналатынына сенімдімін. Импортты алмастыру және халықты жаңа піскен көкөністер мен жидектермен жыл бойы қамтамасыз ету үшін инновациялық технологиялар мен жаңа буын мамандары әр уақытта қажет. Осыған орай, біз корей инвесторларын тағы да игілікті істерге тарта отырып, жеміс-көкөніс кластерін құруды жоспарлап отырмыз. Сәтін салса, онда барлық қажетті инфрақұрылымдар, көкөніс қоймасы, өнімді қайта өңдеу цехы, басқа да қажетті логистикалық объектілер құрылатын болады, – деді Тілектес Исабайұлы.



Қолға алынып отырған жобаның басты мақсаты Корея Республикасының жабық топырақта көкөніс дақылдарын өсіру бойынша сынақтан өткізілген «ақылды» инновациялық технологияларын көрсету және тарату болып отыр.

– Ең алдымен, жаңа буынды инновациялық жылыжайды іске қосу қолайлы

Сапар соңында министр Ербол Қарашөкеев Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетіндегі атқарылған жаңа ғылыми-өндірістік бағыттағы жұмыстардың нәтижелеріне жоғары баға беріп, заманға сай трансформацияланған оқу орнының одан әрі дамуына шынайы қолдауын білдіретінін жеткізді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Той Март» супер-маркетіне:

– қабылдау аймағының операторлары;
– СВК қызметкерлері;
– кассирлер;
– ораушы;
– аула сыпырушы;
– сатушылар;
– тазалықшылар;
– жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 708 711 82 90.
Розыбакиев көшесі, 4-үй.

«Көктем» шипажайына:

– аспаз көмекшісі;
– қызметшілер;
– ыдыс жуушылар;
– даяшылар;
– тазалықшылар керек.
Тел.: 8 771 576 10 40.
«Асқартау» ш/а., Көктем көшесі, 1-үй.

«MAGNUM CASH & CARRY» супермаркетіне:

– аспаз;
– қасапшы;
– кондитер;

– күзетшілер;
– сатушы-кассирлер;
– жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 707 688 98 91.

«F I X P r i c e» компаниясына:

– әкімші;
– сауда залының бақылаушысы;
– кассирлер;
– мерчендайзер қажет.
Тел.: 8 777 591 73 76.

«Карина-Папироне» ЖШС-ға:

– түрлі жұмыстарға жұмысшы;
– жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 707 720 58 15.
Қазыбаев көшесі, 264-үй.

«Полиграфия комбинаты» ЖШС-ға:

– корректор;
– полиграфия шебері;

– автокар жүргізушісі;
– электрик;
– сырлаушылар;
– газ-электрмен дәнекерлеушілер қажет.
Тел.: 8 777 201 01 56.
Мақатаев көшесі, 41-үй.

«City-Bus» ЖШС-ға:

– есепші керек.
Тел.: 8 771 228 20 10.
«Кемел» ш/а., Ақсуат көшесі, 42-үй.

«Green resurce» ЖШС-ға:

– сұрыптаушылар қажет.
Тел.: 8 705 460 26 77.
Мақатаев көшесі, 117-үй.

«Air Astana» АҚ-ға:

– ұшақтың ішкі бөлігін тазалаушы керек.
Тел.: 8 702 702 12 08.
З а к а р п а т с к и й көшесі, 4-үй.

«Нұр Әлем Алматы LTD» ЖШС-ға:

– жеткізуші жүргізушілер;
– сауда өкілдері;
– супервайзерлер керек.
Тел.: 8 747 369 62 87.
Төреғай көшесі, 92 А.

«Spark- Logistics» ЖШС:

– жүргізуші – күндізге;
– жүргізуші – түнгі кезеге.
Тел.: 8 771 709 00 99.

«ORANGE Trade» ЖШС-ға:

– сатушылар;
– әкімші керек.
Тел.: 8 777 166 80 66.
Масквин көшесі, 66-үй.

«Conformity» ЖШС тігін компаниясына:

– тігінші;
– құрастырушылар;
– пішушілер керек.
Тел.: 8 707 198 25 28.

«Беккер и К» ЖШС-ға:

– сатушы-кеңесшілер;
– мерчендайзерлер;
– аспаздар;
– асүй жұмысшылары;
– жүк тиеушілер;
– операторлар;
– наубайшылар;
– қасапшылар қажет.
Тел.: 8 707 148 68 10.
Розыбакиев көшесі, 95-үй.

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар бойынша департаментіне:

– мұрағатшы;
– шаруашылық бөлімінің меңгерушісі керек.
Тел.: 8 777 241 01 24.
Байзақов көшесі, 300-үй.

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУЫҢЫЗҒА ТІЛЕКТЕСПІЗ!



Қоғамдық тыңдаулар өтеді

«Алматы қаласы мәдениет басқармасы» КММ Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек батыр даңғылы, 196-А мекен-жайы бойынша орналасқан «Райымбек батыр» мемориалдық кешенінің құрылысы кезеңінде қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар мен ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды ұйымдастыруға жауапты – Әлиев Данияр Абзалиденұлы.

Күні, уақыты, орны – 2021 жылғы 10 желтоқсан, сағат 15.00-де Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 132 мекенжайы бойынша офлайн және онлайн форматта. Бейнеконференцияға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us02web.zoom.us/j/9639194036?pwd=MzJNUzgVMDVEVGM1RFFBVXIMKzVpZz09>

Жоба бойынша мүдделі жұртшылықтың ескертулері және (немесе) ұсыныстары мына мекенжайға жіберілсін: museumalmaty@mail.ru. Жобалық құжаттамамен Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 132 мекенжайы бойынша танысуға болады.

Байланыс телефоны:
8 (727) 272-43-21.

ШЕШІМ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 28 қазандағы №4/494-951

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 23 шілдедегі қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Құбыр көлігінің нысаны үшін Гульбар Ақжолбаевна Тажибаеваның Алматы қаласы, Алатау ауданындағы, «Өжет» шағынауданы, Олжабай батыр көшесі, 29 мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы ауданы – 0,0520 га (кадастрлық нөмірі 20-321-005-1037) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - 2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
 6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ.

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 29 қазандағы №4/494-952

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 18 ақпандағы №1/1-159 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

- Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 18 ақпандағы №1/1-159 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
 - аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 8 жолы алынып тасталсын.
 2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
 3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
 4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ.

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
 - * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!
- Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

КОНКУРС

Алматы қаласы Спорт басқармасы қарамағындағы «Олимпиада резервін даярлау орталығы» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бос әкімшілік лауазымы бірінші басшы – басшы лауазымына конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: негізгі сала бойынша жоғары білімі және жоғары кәсіби дайындығы, денешынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымында және осы санаттың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес.

Конкурсқа қатысу құжаттарын қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдары бетінде («Вечерний Алматы», «Almaty aqshamy» газеттері) соңғы жарияланған күнінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде тапсырылуы тиіс.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны Алматы қаласының Спорт басқармасында мына мекенжай бойынша өтеді: Алматы қ., Республика алаңы. 4-үй, 5-қабат, 530-кабинет.

Анықтама үшін байланыс телефондары:
8 (727) 264-60-98, 8 (727) 264-58-41.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Серік ЖҰМАБАЕВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

ҰЖЫМДЫҚ
ИММУНИТЕТ

Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек тұрғындар кемінде 60%-ды құрауы тиіс



Вакцинациядан кейін қалыптасқан иммунитет кемінде 1 жыл сақталады, ал коронавирустан жазылып шыққаннан кейін антиденелер орташа есеппен 6 ай сақталады

CORONA
VIRUS2020/KZ
kazinformВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН
ВИРУС ЖҰҚТЫРУ МҮМКІН БЕ?

Ешбір вакцина абсолютті кепілдік бере алмайды, алайда қауіпті едәуір төмендетеді

Симптомсыз пациенттер инфекция тасымалдаушылар болып табылады, сондықтан тіпті вакцинациядан кейін де әлеуметтік қашықтықты сақтауды және бетперде тағып жүруді жалғастыру қажет



Егер вакцинациядан кейін вирус жұқтырған жағдайда ауру айтарлықтай жеңіл түрде, нақтырақ айтқанда – симптомсыз өтеді



Егер адам вакцинаның бірінші дозасын алғаннан кейін COVID-19 жұқтырып алса, мұндай жағдайда екінші компонентті толық сауығып шыққаннан кейін 6 айдан соң алуына болады

CORONA
VIRUS2020/KZ

СЕНБІЛІК САУАЛНАМА

Есіміңіз ұнай ма?

Адам аттарын зерттейтін антропонимика деген ғылым адамның есімі тағдырына, бітім-болмысына әсер етеді деген тұжырымға келген. «Баланы неғұрлым көркем есімдермен атаған сайын, тұла бойы да соған сәйкес көркемделе түседі», – дейді ғалымдар. Тіпті, адамның туған кезеңінің де оған тигізер әсері мол деседі. Мысалы, қыста туғандарға – пысықтық, көктемде өмірге келгендерге – жұмсақтық, жазда дүние есігін ашқандарға – қайырымдылық, ал күзде туғандарға шаруақорлық қасиеттер тән көрінеді. Сізге есіміңіз ұнай ма?

Тоты КӘРІМОВА:

– Менің атымды марқұм жездем қойыпты. Сол үшін жездеме өмір бойы ризамын. Анам перзентханада босанып үйге келіп, менің есімді «Доктыркүл» қояйық деп пәтуаласып отырғанда, жездем келе қалған ғой. «Құтты болсын, бауы берік болсын! Қыздарыңызға қандай ат қойдыңыздар?», – десе, үйдегілер «Доктыркүл қойдық» дейді. Сонда жездем: «Қыз балаға осындай болмайтын атты қоя ма?! Болмайды! Мен қоямын. Бұл қыздың есімі «Тоты болады», – депті.

Институтта оқып жүргенімде керемет математик, «ықтималдықтар теориясының» авторы Жаңбырбаев Бегалы деген ағайымыз болып еді. Сабаққа кіріп келе жатқанымда: «Қалғандардың аты – қыз, менің атым – Тотықыз», – дейтін. Тарихта Тотықыз деген ақын қыз болған екен. Бұрын өте сирек кездесетін, қазір Тотылар көп. Есімде, мен бойжеткен кезде ауылда енді өмірге келіп жатқан сәбилердің көбінің есімдерін Тоты деп қойған.

Есімім өзіме өте ұнайды.

Дәурен МАЛДЫБАЙ:

– Бала күнімде Сасықбай деген көршіміз болды. Өзін де, балаларын да келеке етіп күлуші едік. Неткен ақымақ болғанбыз, ұяламын қазір сол қылығымызға. Бұрынғылар баланың атын ырымдап қойған екен ғой. Мысалы, ерекше әдемі болып туған нәрестені тіл, көз тимесін деп, Жаманбала, Итаяқ деп қоя салады екен.

Өзімнің атым ұнайды. Қысқа. Құлаққа жағымды. Балаларымның есімдеріне де мән бердік. Айдана, Айзере, Айбол, Айдос. Біз оларға дастархан басында аспандағы Айдың сұлулығын, оның әлемге жарық беретінін жиі айтып отырамыз. Оны естіген бала өзін де сұлу сезініп өсетініне сенімдімін.

Қасқырбай
ДҮЙСЕНБАЙ:

– Рас, бала күнімде ұнатпайтынмын атымды. «Аңға ұқсатып қойғаны несі» деп. Бірақ атымның немен байланыстырып қойылғанын ата-анамнан сұрамаппын. Әкем өмірде көп қиындық көрген, жеңісінен гөрі жеңілісі көп болған екен. Бәлкім, қасқырдай қайратты, мықты, жеңілмес күш иесі болсын деп ырымдаған шығар деп ойлаймын кейкейде. Адамның аты оның тағдырына әсер етеді дегенге келісемін. Мен бала күнімнен ешкімге есемді жібермей, намысты болып өскен ұлмын. Мысалы, Арман деген ат қазақта ауыр есім болып саналады. Солай деп үйде баланың есіне сала берсе, ол өскен кезде жолында кезіккен қиындықтарды атымен байланыстырып тұрады деп ойлаймын. Сондықтан балаға ат қоюдың өзі үлкен жауапкершілік деп есептеймін.

Сауалнаманы жүргізген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



АЙСҰЛУ:

– Бала күнімде «Атымды неге Айсұлу деп қойғансыздар?» деп талай ренжитінмін. Сыныптас балалар тақтаға, қыста қарға «Серке+Айсұлу» деп жазып тастайтын, мен жылайтынмын. Кейін ес кіре бастағанда білдім ғой, менің атымның прототипі атакты қызылшашы, Социалистік Еңбек Ері Зылиха Тамшыбаева екен. Атым қазір ұнайды.

Әсел БИМЫРЗАЕВА:

– Әкем мен анам қыз бен жігіт боп жүрген кездерінде-ақ анамды «Әселім» деп еркелетеді екен. Марқұм анамның есімі – Әсем. Екеуі үйленген соң өмірге тұңғыштары мен келгенде, атымды әкем «Әсел» деп қоямын депті. Сонда анам «мен ше» деп қызғанып қалыпты. Солай қызғанып бұртиғанымыз бар еді деп күліп еске алушы еді. Бүгінде әкемнің «Әселін», Әселдің анасын сағынып жүрмін...

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Тоқымашы рекордсмен



Алматылық Нұрлан Жартыбеков ерекше рекорд орнатты. Ол жүннен ені 30 см., ал ұзындығы 43 метр болатын мойынорағышты 72 сағат бойы үздіксіз тоқып, қазақстандық рекордтар кітабының кейіпкері атанды.

Қазақстандық рекордтар кітабына рекордтарды тіркеу департаментінің директоры Бақытжан Тастүлеков оған тиісті сертификатты табыс етті. Айта кетерлігі, бұл Нұрланның алғашқы ерлігі емес. Алғашқы рекордын 2018 жылы орнатқан ол, 1 минут ішінде 56 ілмекті көзін жұмып тұрып іле алған.

– Ата-анамның айтуынша, мен бала кезімнен тоқыма тоқиды екенмін. Көпшілікке бұл ер адамға тән іс емес болып көрінуі мүмкін, десе де өзіме ұнайды. Мен көзді жұмып тоқу бойынша Қазақстанның рекордын орнаттым, енді үш тәулік бойы тоқтаусыз тоқып, рекордты жаңарттым, – дейді Нұрлан Жартыбеков.

Нағыз
дос

Алматы қаласы ІІМ Кинология орталығының төрт аяқты «штаттық қызметкерлері» ерекше балалар үшін нағыз дос болды. Қылмыспен қатал күресушілер реабилитациялық терапевтер мен мейірімді достар ролін атқарады.

– Полиция иттері ерекше балалармен сөйлесуге үйретіледі. Арнайы түзету мектеп-интернатының балалары Алматы қаласы ІІМ Кинологиялық орталығына шақырылды. Ерекше балалар қызметтік иттермен танысты, олардың көрсетілімдеріне қатысты, полицияның төрт аяқты көмекшілерін басқаруды және командалар беруді үйренді, – делінген хабарламада.

ІІМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы Ерлан Омарбеков мұғалім-тьюторлармен кездесуде полиция иттерін осындай кездесулер үшін ерекше балалармен коммуникация әдістеріне арнайы оқытқанын атап өтті.

Әрбір ерекше бала ересек итпен танысуға, күшіктермен сөйлесуге, оларды тамактандыруға және ойнауға мүмкіндік алды. Барлық балалар мен олардың алып жүрушілері Кинологиялық орталықтың үй жануарларымен естелік фотосуреттерге түсіп, сыйлықтар алды.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.